

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

**«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ:  
ТАРИХИ БАҒДАРЫ, ДАМУ БЕЛЕСТЕРІ ЖӘНЕ БОЛАШАҒЫ»  
XVIII ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЕУРАЗИЯ ҒЫЛЫМИ ФОРУМЫНЫҢ  
МАТЕРИАЛДАРЫ**

**МАТЕРИАЛЫ  
XVIII МЕЖДУНАРОДНОГО ЕВРАЗИЙСКОГО НАУЧНОГО ФОРУМА  
«30 ЛЕТ НЕЗАВИСИМОСТИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН:  
ИСТОРИЧЕСКИЙ КУРС, ВЕХИ РАЗВИТИЯ И ПЕРСПЕКТИВЫ»**

**MATERIALS  
XVIII INTERNATIONAL EURASIAN SCIENTIFIC FORUM  
«30 YEARS OF KAZAKHSTAN'S INDEPENDENCE:  
HISTORICAL COURSE, MILESTONES OF DEVELOPMENT  
AND PROSPECTS»**

Нұр-Сұлтан, 2021

ӘОЖ 94(574)  
КБЖ63.3(5Қаз)  
Қ18

#### Бас редактор

Сыдықов Е.Б., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Басқарма төрағасы-ректор, ҚР ҰҒА академигі

#### Жауапты редактор

Садықов Т.С., т.ғ.д., профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ тарих факультетінің деканы

#### Редакция алқасы

Мерзалинова Г.Т., Басқарма мүшесі – Ғылым, коммерциализация және интернационалдандыру жөніндегі проректор; Айтмағамбетов Д.Р., т.ғ.к., доцент, Басқарма мүшесі – Стратегиялық даму жөніндегі проректор; Сайлаубай Е.Е., т.ғ.к., доцент, ЕҰУ «Ел тарихы» ҒЗО директоры; Сейтказина К.О., т.ғ.к., доцент, деканның академиялық мәселелер жөніндегі орынбасары; Ерменбаева Г.К., т.ғ.к., доцент, деканның ғылыми жұмыс жөніндегі орынбасары; Көшенова Ғ.И., т.ғ.к., доцент, Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі; Үмітқалиев Ұ.Ұ., т.ғ.к., доцент, археология және этнология кафедрасының меңгерушісі; Дүкенбаева З.О., т.ғ.д., профессор; Мусабалина Г.Т., т.ғ.д., профессор; Ковальская С.И., т.ғ.д., профессор; Алпысбес М.А., т.ғ.д., профессор; Мусағалиева А.С., т.ғ.д., профессор; Сарсамбекова А.С., т.ғ.к., доцент; Сайлаубаева Н.Е., т.ғ.к., доцент; Кабылтаева С.К., PhD, доцент; Каженова Г.Т., т.ғ.к., доцент; Жанисов А.Т., т.ғ.к., доцент; Жапекова Г.К., т.ғ.к., доцент; Брынза Т.В., аға оқытушы; Абдуразаков М.Ф., аға оқытушы (тех. редактор); Бижанов А.С., аға оқытушы (тех. редактор); Оразаев С.Б., аға оқытушы (тех. редактор).

*Редакция алқасының көзқарасы мақала авторларының пікірімен сәйкес келуі міндетті емес/Мнение автора публикаций не обязательно должно совпадать с мнением редакционной Коллегии.*

**«Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне 30 жыл: тарихи бағдары, даму белестері және болашағы»** XVIII Халықаралық Еуразия ғылыми форумының материалдары. II том / **«30 лет Независимости Республики Казахстан: исторический курс, вехи развития и перспективы»**: Материалы XVIII международного Евразийского научного форума. II том / Жалпы ред. басқарған Е.Б.Сыдықов. – Нұр-Сұлтан: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2021. – 557 б. – қазақша, орысша, ағылшынша.

**ISBN 978-601-337-588-5**

Бұл жинаққа Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығы мен Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-нің 25 жылдығына арналған **«Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне 30 жыл: тарихи бағдары, даму белестері мен болашағы»** атты XVIII Халықаралық Еуразия ғылыми форумының материалдары енгізілді. Ғылыми форумның жұмысы Президент Қ-Ж.Тоқаевтың **«Тәуелсіздік бәрінен қымбат»** бағдарламалық мақаласының идеяларын жүзеге асыруға бағытталды.

Шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектерінде Қазақстан халқының маңызды жетістіктері көрсетіліп, тарих ғылымының неғұрлым өзекті тақырыптары бойынша дамуының кейбір қорытындылары шығарылып, одан арғы зерттеулердің болашағы айқындалды. Жинақтың материалдары ғалымдарға, мамандарға, студенттерге, әртүрлі деңгейдегі ұйымдар мен билік органдарының басшыларына қызықты болуы мүмкін /

В данный сборник включены материалы XVIII Международного Евразийского научного форума **«30 лет Независимости Республики Казахстан: исторический курс, вехи развития и перспективы»**, посвященного 30-летию Независимости Республики Казахстан и 25-летию ЕНУ имени Л.Н. Гумилева. Работа научного форума была нацелена на реализацию идей программной статьи Президента К-Ж. Токаева **«Независимость превыше всего»**.

В работах зарубежных и отечественных ученых отражены важнейшие достижения народа Казахстана и подведены некоторые итоги развития исторической науки по наиболее актуальным темам, определены перспективы дальнейших исследований. Материалы сборника могут быть интересны ученым, специалистам, обучающимся, руководителям организаций и органов власти разных уровней.

ӘОЖ 94(574)  
КБЖ63.3(5Қаз)

**ISBN 978-601-337-588-5**

© Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2021

6. Кази Ахмад Гаффар Казвини «Тарих Джахон Ара» издательство китабфуруши «Хафиз» Тегеран 1342 (1963 г). Стр. 207
7. Примечание: после великой замятни, когда батуиды были уничтожены, ордаиды имели больше прав по Ясе Чингиз ханана власть в Золотой Орде.
8. Мухаммад Хейдар Дуглат «Тарих Рашиди» издат. «Мирас Мактуб» Тегеран 1383 г (2004 г). стр. 341 (текст на фарси непосредственный).
9. Примечание: См.: там жестр. 283
10. Очерки по истории Казахской ССР. С древнейших времен до 1870 г.. 1941 г. С. 69.
11. Сабитов Ж. Что значит Ак Орда // URL: <https://vlast.kz/kz/avtory/20645-cto-znacid-ak-orda.html>:также: <https://strategy2050.kz/ru/news/ak-orda-rezidentsiya-khanov-i-kazakhskaya-gosudarstvennost-/>
12. Примечание: прямого указания на это в произведении Кутба нет, но есть косвенные указания на то, что произведение «Хосров и Ширин» было преподнесено хану в Сыгнаке.
13. Примечание: Кутб «Хосров и Ширин» копия парижского списка, приобретенная центром рукописей и редких книг стр. 7 (на основании парижской нац. библиотеки), 11 стр. раздел «восхваление царицы Малике».

## **АЛАШЫМ – ҰРАНЫМ!**

**Ақпанбет Н.Н.,**

PhD, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

**Асан И. Б.**

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті студенті

Өткеніміз түгенделмей, бүгiнiмiз бүтiнделмейдi. Өткеннiң бұрысы-сабақ, дұрысы-өнеге. Мұны жүзеге асыру бiрдiң шаруасы емес, көптiң мұраты болмақ. Қазақ зиялыларының оянуы бажайлап қарасақ, 100 жылдың арғы жағында жатыр.

«Тән көмiлер, көмiлмес еткен iсiм,

Ойлайтыным емес бiр күнгiсiн.

Жұрт ұқпаса ұқпасын, жабықпаймын,

Ел-бүгiншiл, менiкi-ертеңгi үшiн!» -деп, арманын ақ қағазға айтып кеткен, Алаштың айтулы ұлы Ахмет Байтұрсынов [1,339б].

Ұлттық азаматтық мойынсұнбауға немесе ұлттық азаматтық тұтастыққа жеткен ұлт-кемелiне келген ұлт. Ондай ұлт адамзаттың ортақ тарихына үлес қосуға қабiлеттi және өркениеттiң әр мүшесi оның пiкiрiмен санасуға мiндеттi деген сөз. Тарих пен тағдырдың қандай ыбаға ұсынғанына қарамастан, қазақ ұлтының дәл осындай қауымдастықтың қатарына қосылуға толық қақысы да мүмкiндiгi де бар.

Қазақстан тәуелсiздiгiн алды, азат ұлт атану үшiн бар уақытта күресiп келген.

Демек, кемелiне келген ұлтпыз деуге толық қақымыз бар[2,119б].

Алаш идеясы-XX ғасыр басындағы қазақтың ұлттық идеясы болатын. Рухани-мәдени кеңiстiкте Алаш қозғалысы әлемге танымал жәдитшiлдiктiң Қазақстандағы көшбасшы бағыты едi.

Зиялылардың Алаш атауын таңдауы да жайдан-жай еместiн. «Керегемiз-ағаш, ұранымыз-Алаш». Кереге - мемлекет құрылысы, Алаш - идеология. Алаш - жаңа түрдегi елдiгiмiздiң, байырғы айбарымыздың рәмiзi едi. Түрiк-мұсылман халықтарынан шыққан әрбiр жәдитшiл азамат өз Отанының еркiн, тәуелсiз болуын, байырғы елдiк дәстүрдiң озығын мықтап ұстап, демократиялық Батыстың жетiстiктерiн меңгерудi армандады.

Егер сол тұстағы қайраткерлерiмiздiң көздегенi жүзеге асқанда, қазiр бiздiң елiмiздiң қосалқы аты Алаш (Алаш Орда, Алаш үкiметi, Алаш Республикасы) болатындығына иманымыз кәмiл. Осы ретте бәзбiреулер «сонда олар қазақ атынан жерiген бе?» деп сұрақ қоюы мүмкiн. Бұған «әрине, жерiген жоқ» деп жауап беремiз.

Есiмiзге олардың:

Арғы атам - ер түрiк

Бiз - қазақ елiмiз, -

деген әнұраны түседi.

Сонымен бірге зиялылар:

Азаматы Алаштың,

Аттанатын күн туды.

Тұлпар мініп, ту ұстап,

Баптанатын күн туды, - деген жоқ па?!

Осыған қарағанда, Алаш ұғымында рухтық, асқақтық, өрлік мағына бар.

XX ғасырда қазақтың азаматтық тарихындағы ең ұлы идеясы қайсы десе, Алаш идеясы деп жауап берер едік.

Бүгінгі тәуелсіздігіміздің іргетасы осы идея. Алаш идеясындағы қайраткерлердің жемісті еңбек жылдары - ақыл һәм жүрек айбатымен күрескен кезеңі 1907 жылдан 1937 жылға дейінгі 30 жылдай уақытты қамтиды. Тағдыр мен тарих оларға осындай мерзімді ғана қиыпты. Одан кейінгі жайы белгілі: айдалды, атылды, ресми тарихтан, ел жадынан аты өшірілді [3,36].

Тәуелсіздік туралы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: «1991 ж. 16 желтоқсандықтар - қазақтың халықтық, залдағы Қазақстандықтардың жұлдызды сәті. Осы сәттен бастап біздің халқымыздың ғасырлар бойы аңсаған арманы орындалды. Қазақ халқы өзінің ата-бабасынан қалған ұлан-ғайыр жерінде өзінің тәуелсіздігін жариялап, оны барша әлемге жария етті» деп мәлімдеді. Бүгінгі ұрпақ қол жеткізген ұлы жеңісті XX ғасыр басындағы «Алаш» арыстары да мақсат тұтқан. «Алаш» қозғалысының да түпкі мақсаты-біртұтас қазақ мемлекетін құру еді. Бұған Х.Досмұхамедовтың түрмедегі тергеушіге берген мына жауабы дәйек бола алады: «Қазақстан жағырапиялық жағынан біртұтас мемлекет ретінде басқарылуы тиіс. Барлық жоғарғы лауазымдар сайланып қойылуы керек. Егерде, Кеңес өкіметі саяси еркіндік жариялап, еркін партия құруға мүмкіндік берсе, оларға да осы талапты қою керек. Бұл бағдарламаға М.Тынышбаев екеуміз қандай үлес қоссақ, Жаһанша Досмұхамедов те сондай дәрежеде белсене қатысты» - делінген [5,66.] .

Алашорда үкіметінің құрылуына тікелей түрткі болған, 1917 жылғы 5-13 желтоқсан аралығында Орынборда өткен Қазақ мемлекеттілігі туралы мәселе қаралған II Жалпықазақ - қырғыз съезінің ұйымдастырушылары : Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М. Дулатов болған. Съезде қазақ сахарасының әр аймақтарынан, Самарқан облысы мен Алтай губерниясындағы қазақтардың атынан-58 делегат, әр түрлі қазақ ұйымдарының атынан -8 делегат және арнайы шақырумен-15 адам, ұйымдастыру комитеті съезде келген делегаттардың тізімінде барлық жиын-терісі 81 делегат тіркелінген. Көп дауыс алған Ә. Бөкейханов Алаш автономиясының өкіметі - Алаш орданың төрағасы болып сайланды. Алғашқы баяндаманы Ә.Бөкейханов жасап, ол жөнінде: «Алашорда бүгіннен бастап қазақ-қырғыз халқының билігін өз қолына алады»-деп қаулы қабылдады [6,466.] .

Алаш құбылысы-сол тұстағы қазақ қоғамының барлық жағын қамтыған салалы, саралық құбылыс. Алаш қозғалысы сол тұстағы қазақтың саясат, әдебиет, өнер қайраткерлерін, дінбасыларын, оқымыстыларын, бақуатты азаматтарын медицина, техника, ауыл шаруашылығы, экономика, заң, әскери салалардағы мамандарын топтастыра отырып, өздері өмір сүрген тарихи-қоғамдық болмысқа реформа жасауды мықтап қолға алған, жігері мен сенімі жеткілікті, бағдарламасы айқын, мақсаты зор қозғалыс болатын. Қозғалыс қайраткерлерінің сол кезеңдегі қазақ қоғамының барша саласын қамтып, оларды жетілдіруге күш жұмсағанын байқауға болады. Осы мақсат жолында олар қоғамды жетілдірудің, әлеуметті ұйытудың, саяси билікке жетудің-осылардың қорытындысында дербес мемлекет құрудың басым бағыттарын айқындап, сол жолдан ауытқымай күреске шықты [4,2096].

Қазақтың сан ғасырлық тарихының ең жарқын беттерін жазған Алаш қозғалысы-айрықша тарихи құбылыс ретінде ұлтымыздың мәдени-рухани даму жолын жаңа арнаға бұрғаны сөзсіз. Өйткені ол қазақ баласының саясат, мәдениет сатысына көтерілгендігін айғақтай отырып, ендігі жерде ұлт ретінде дербес өмір сүруге, өзге елдермен терезесі тең халық ретінде азат күн кешуге болатындығына әлеуметті сендіре алған жаңашыл қозғалыс еді. Жаңашылдығы-қазақ қоғамы үшін қиын - қыстау сол бір дүбірлі шақта азаттықұранын

салып, билігі өзгенің қолындағы, мемлекеттік институттары қалыптаспаған, бытыраңқылық жайлаған сахара төсінде дербес мемлекет құруға бел шешіп кірісуінде еді. Алаш қозғалысы совет өкіметі тарапынан терістелгенімен, оның идеялары ұлтжанды азаматтардың жүрегі мен санасында өмір сүріп келді. Оның жарқын әлі бұлтартпас мысалы-тәуелсіздіктің қарсаңында Алаш идеясының қайтадан жаңа күшпен жаңғыруы [4,206б].

Елбасы, Н.Ә. Назарбаев өзінің «Тарих толқынында» кітабының «Алаш мұрасы және осы заман» атты тарауында: «XX ғасырдың басында ұлттық бірлікті нығайту идеясын алға тартқан рухани-зерделі игі жақсылар қазақтың ұлттық идеясын жасау міндетін өз мойнына алды. Олар қоғамның түрлі тарабынан шыққандар, әрі, ең алдымен, дәстүрлі дала ақсүйектерінің өкілдері еді. XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамында зиялы қауым қалыптасуының ұрпақтар эстафетасы сияқты сипаты болғанын атап айтқан абзал» - деп Алаш азаматтарының тарихи еңбегіне лайықты баға берген болатын [4,207б].

Ата-бабаларымыздың қазақ елінің тәуелсіздігі мен азаттығы жолындағы күрестері, істері, ұрандары-бүгінгі ұрпаққа үлгі хәм аманат. Қазіргі қол жеткен еркін шағымызды баянды ету үшін біз азаттық жолы арман болған ата ұрпақтың аманатына берік болуды борышқа айналдыруымыз қажет. Ал бүкіл қазақ даласын осыдан бір ғасырдай уақыт бұрын Алаш рухына бөлеген ұлы қазақтар аманатының жөні бөлек. «Алаштың» жолы-сонау қазақ хандығы құрылған шақтан бері қазақты қазақ етіп келе жатқан, оның жігерін жаныған, рухын асқақтатқан орасан оқиғалар мен киелі күрестердің ішіндегі ұлы жолы, дәстүрі кемел даңғылы, сарабал соқпағы [4,228б.].

Тек қазақ халқының ғана емес, бүкіл адамзатқа ауыр қасірет алып келген жиырмасыншы ғасырдың басында ұлттық идея өзінің рухани және әлеуметтік эволюциясы барысында «Алаш» идеясы түрінде көрінді. Алаш идеясы қазақ түсінігінде туыс түркі халықтарын біріктіретін «алты алаш» ұғымын білдіргендіктен, XX ғасырдың басында артта қалған отар халықтардың ұлттық өзіндік санасының оянуына орай, «түркістаншылдық» идеясымен шектесіп жатты. Бұл, әсіресе Мағжан Жұмабайдың поэтикалық шығармашылығы мен Мұстафа Шоқайдың тарихи саяси қызметінен аңғарылады. Саяси тәуелсіздіктің туын көтерген қазақ зиялылары «Оян, қазақ!» идеясымен халыққа ой тастады. Соның нәтижесінде үлкен идеялық әрі реалды Алаш қозғалысы басталды және Алаштың әлеуметтік, саяси және тұлғалық белсенділігі мен еркіндігі ұлттық идея ретінде ұсынылды. Бұл тәуелсіздік ұранының алдыңғы кезеңі ағартушылық идеяларымен астасып жатқан болатын. Және Алаш қайраткерлерінің бұл үндеуі Абай мен Шәкәрімнің «адам бол!» ұстынымен және «ұздан» тұжырымымен сипатталады рухани-адамгершілік бағдармен де бекітілді.

XX ғасырдың басында қазақтың ұлттық идеясы өз эволюциясының жаңа сатысына көтерілді және заман талабына сай сапалық тұрғыдан жедел жетілді. Әрі уақыт ағымына орай саяси тұрғыдан ширғып, жаңа ұлттық идея-Алаш идеясы дүниеге келді. Жалпы «Алаш» идеясын жаңа деп айтуға келмейді, өйткені бұл идеяның Қазақ хандығы дәуірінен бері бар екендігі белгілі. Дегенмен, XX ғасырдың басында көтерілген бұл идеяның мазмұны алдыңғыларымен салыстырғанда мүлдем бөлек еді. Оны жетілдіруші хәм қозғаушысы Алаш партиясын шынайы қажеттіліктен құрған Алаш қайраткерлері тарихи мүмкіндікті мүлт жіберіп алмау жолында жан аянбай еңбек етті [7,74б.].

Бұдан біздің анық байқайтынымыз, мұқым Алашқа ұран болған Алаш идеясы-ақыл тоқтатқан аға буынның бастауымен ерте есейген жас ұрпақтың жалғастыруымен тағылымы бүгінге сабақ боларлық салмақты жас та жасампаз идея. Елбасы атап көрсеткендей, «Біз Қазақстанның тәуелсіздігі мен тұтастығы үшін күрескен азаматтарды ерекше қадірлей білуіміз керек. Осы ретте Алаш арыстарының аманатына адалдық танытып, мемлекетімізді нығайтып, тәуелсіздігімізді көзіміздің қарашығындай сақтауға тиіспіз» [7,80б.].

Алаш қозғалысы мен Алаш партиясы, Алаш идеясы мен идеологиясы бірден аяқастынан пайда болған жоқ, ол қазақ арасындағы партия құрылысының алғашқы жинақталған тәжірибесінің барысында орын алды. 1905 жылы құрылған «Қазақ конституциялық - демократиялық партиясы» мен 1906 жылы құрылған «Халық еркіндігі» (кадеттер) партиясын қоспағанда, «Алаш» партиясы – қазақтың тұңғыш ұлттық-

демократиялық партиясы. Нақтырақ айтқанда, Қазақстандағы қазіргі саяси жүйе мен партиялық институттың бастауы. Дейтұрғанмен де, бүгінгі саяси партиялармен салыстырғанда, ұлт мүддесі тұрғысында «Алаш» партиясы ұзақ жылдарға созылған ұлт-азаттық қозғалыс жолдарынан өтіп, саяси күресте пісіп-жетілгендігімен ерекшеленеді.

XX ғасыр басындағы әлеуметтік-саяси өмірдің жандануымен ұлттық элитаның ұлт мәселесін шешуге бағытталған қоғамдық қызметтері, сол кездегі басты бұқаралық ақпарат құралдарының бірі-баспа ісі мен баспасөздің кең таралуына алғышарттар қалыптастырды. Нақ осы «қоғамдық ортада», яғни білімді, көзі ашық интеллектуал қауымның ортасында ұлттық мәні мен мазмұны, соған сәйкес әлеуметтік саяси санасы, бейнесі талқыланып, сомдалып, ұлттық мүдделері саяси деңгейде тұжырымдалып қалыптасты. Осы әлеуметтік саяси ортадан ұлт болып қалыптасудың негіздемелері идеялық деңгейде баспасөзі арқылы халыққа жеткізілді. Осы арнада қазақ халқының ұлттық рухы мен сана-сезімін оятуға бағытталған М.Дулатовтың «Оян, қазақ» атты еңбегі мен А.Байтұрсыновтың «Маса» атты шығармаларының маңызы зор болды.

«Қазақ» газеті жиырмасыншы ғасыр басындағы ұлтжанды азаматтарды біріктіріп қана қоймай, Алаш идеясына ығыздаушы бірден-бір ақпарат құралына айналды. Шын мәнінде өзіне дейінгі қазақ басылымдарындай емес, «Қазақ» газеті бұқара халықтың мұңын мұндады, жоғын жоқтады. Және басылым Алаш қайраткерлерінің ұлт мүддесінашық талқылайтын пікір талас мінбері қызметін атқарды. Алаш қайраткерлері өздерінің елдік пен бірлік жолында жүргізіп жатқан жұмыстарын қазақ жұртының қабылдап, халықтың ұлттық намысын ояту мен саяси санасын көтерудегі баспасөздің пәрменін жоғары бағалады. Бұл ретте Алаш орда көсемдері Ә.Бөкейхан мен А.Байтұрсынұлы қараңғы қазақ даласына Алаш үшін жеткізетін басылымды шығару ісін ұйымдастырып, 1913 жылы 2 ақпанда Орынбор қаласында «Қазақ» атты қоғамдық-саяси және әдеби-мәдени газетті дүниеге әкелді.

Аталған газетте А. Байтұрсынұлы, Ә.Бөкейхан, М.Дулатұлы, М.Шоқай, М.Тынышбайұлы, Ш.Құдайбердіұлы, Ғ.Қараш, Р.Мәрсеков, Ж.Тілеулин, Ғ.Мұсағалиев, М.Жұмабаев, Х.Болғанбаев, Х.Ғаббасов, Ж.Ақпаев, Ж.Сейдалиев, С.Торайғыров, А.Мәметов, С.Дөнентайұлы және Х.Досмұхамедұлы сынды т.б. авторлардың мақалалары жарияланып тұрды. Бір ғана Ә.Бөкейхановтың ұлт-азаттық күресін жүргізудегі әдіс-тәсілдері мен қазақ ұлтының әлеуметтік күйін күйттеген 250-ден аса мақалалары жарық көрді. Алаш орда ұстанған саясаты партия бағдарламасының жобасынан, оның лидерінің «Қазақ» газеті бетінде жарияланған мақалаларынан белгілі болатын. Басылымға басшылық еткен А.Байтұрсынұлы алғашқы редакторы, ал оның өкілетті өкілі М.Дулатұлы болды. Газет шығуын тоқтатқан 1918 жылы басылымға Жанұзақ Жәнібекұлы басшылық етті.

Алаш көсемі Әлихан Бөкейхан бұдан бұлай қазақ өз алдына ел болуы үшін және өзін мойындатуы үшін бәсекеге қабілетті халық ретінде саяси күреске шығуы қажеттігін ашық айтады. Ол үшін бұрынғы жаман әдеттерден арылып, рулық деңгейден ұлттық деңгейге көтеріліп, тұтас халық ретінде бірлік қажеттігін алға тартты. Бұл тұрғыдағы ойын былайша сабақтады: «Осы ғасырдағы әлем жарығына қазақ көзін ашып, бетін түзесе, өзінің қазақшылығын жоғалтпағандай және өзіміздің шарқ әдетіне ыңғайлы қылып «Қазақ мәдениеті» құрып, бір жағынан «Қазақ әдебиеті» тұрғызып, қазақшылығын сақтамақшы» [7,36].

Ұлттық идеяның тегершігі-ұлттың тілі мен әдебиетін, өнері мен руханиятын дамыту қажеттігі «Қазақ» газетінің бетінде осылайша көрініс тапты.

«Алаш тәжірибесі нені көрсетті? Біріншіден, Алаш идеясы бұл-белгілі бір топтың еркімен өмірге келген жасанды, сондықтан да өткінші құбылыс емес. Ол ұлтпен бірге өмір сүретін, ұлт өмірінен тамыр алған құндылықтар жиынтығы, ұлттың өмір сүру концепциясы. Алаш идеясын өмірден біржола ығыстыруға көп күш жұмсаған большевиктер құрған билік өмірден кете салысымен Алаш идеясының қайта жаңғыруы, қайта күш алуы оның өміршеңдік сипатын айғақтайды.

Алаш идеясының өзегі-ұлттық мемлекеттік. Құрметті Әлекең, Әлихан Бөкейханов айтқандай, мемлекеттігі жоқ халық-жетім халық. Кез келген болашағынан үміті бар ұлт үшін

мемлекеттік-негізгі құндылық. Міне, осы тұрғыдан алғанда Қазақстан Республикасы-Алаш идеясының өмірлік шындыққа айналуының көрінісі ретінде бағалануы әбден орынды. Ал оның ішкі әлеуметтік мазмұны, демократиялық принциптерге сүйенген қоғамды халықтың мәдени деңгейіне және саяси белсенділігіне тәуелді екендігін ұмытпағанымыз жөн».

«Осылайша, ұлттық идеяны кемеңгерлікпен тұзу Алаш қозғалысын аспандатты, дұрыс ұлттық идеяға табан тіреген Алаш қозғалысы қазақ қоғамы тарихының жаңа белісін ашты. Ұлттық мақсат-мұратқа, яғни ұлттық идеяға адалдық, жанкештілік, интеллектуалдық биік өремен ағымдағы, кезек күттірмейтін қазіргі және болашақтағы міндеттерді айқындай білу-бүгінге жеткен Алаш аманатының ең құндылары» [7,88б].

Қорытындылай келе, ата-бабаларымыздың қазақ елінің тәуелсіздігі мен азаттығы жолындағы күрестері, істері, ұрандары- бүгінгі ұрпаққа үлгі хәм аманат. Қазіргі қол жеткен еркін шағымызды баянды ету үшін біз азаттық жолы арман болған ата ұрпақтың аманатына берік болуды борышқа айналдыруымыз қажет. Ал бүкіл қазақ даласын осыдан бір ғасырдай уақыт бұрын Алаш рухына бөлеген ұлы қазақтар аманатының жөні бөлек. Біздің ата рухы алдындағы адалдығымыз бен перзенттік парызымыз Алаштың аманатын санамызға сіңіру, соған лайық еңбек ету, өткенге құрмет көрсету. Ал құрметтің көкесі- Алаш идеясын ұрпақ бойына сіңіру. Алаш идеясы-ұлтты біріктіруші, тұтастырушы идея ретінде қашан да қазақпен бірге жасайды десек, онда сол орасан мақсатты орындау үшін қазақтың тілі мен мәдениеті, өнері мен әдебиеті, тарихы мен салт-дәстүрі, айналып келгенде, қазақты ел ететін, мемлекет ететін рухани олжасы Қазақстанда айрықша орынға ие болу керек. Сонда ғана ұлттығымызды әлемге әйгілейтін, жасампаздығымызды жаһанға жариялайтын тұрпатымыз бен тұлғамыз айқын көрінбек. Тағылымды істі аманат ретінде қабылдау-алаш баласының әуелгі қасиеті, дәстүрлі жоралғысы десек, Алаштың жолы, Алаш қайраткерлері қалыптастырған ұлттық санамызды жаңғырту сапары-бүгінгі тәуелсіздігімізді тұғырлы етер берік ұстындардың бірегейі болатынын естен шығармағанымыз абзал [8, 16б].

Сондықтан, зиялы қауым өкілдері мен бүгінгі еліміздің ұрпағы-біз жастар, Алаш ардақтылары салып кеткен, «Ертеңшіл» жолға сай болып, Тәуелсіз мемлекетіміздің көк туын жасқанбай, жасымай, жоғары көтере берейік!

### **Пайдаланылған әдебиеттер мен деректер тізімі:**

1. Alash-alzhir; Саяси қуғын-сүргін және тоталитаризм құрбандарының «Алжир» мемориалды мұражай кешені; бас.ред., жоба авт. Б.Жүнісбеков.-Астана: Сарыарқа, 2011.-1том.-382 б.
2. Алаш және Әуезов. Халықар. ғыл.-теор.конф. матер.. -А., «Жазушы», 2007. -304 б.
3. Д. Алаштың рухани тұғыры. -Астана: Ел-шежіре, 2008.-360 б.
- 4.Тарих мәселелері. Сериялық ғылыми жинақ. 1-т.-Семей: «Таным», 2010.-420 бет.
5. Әбдешев М.Е. «Алаш Орда министрлері». -А.:Раритет, 2008. -3-6 б.
6. XXI-ғасырдағы Алаштың Ақ жолы. -Алматы: Экономика, 2014.-440 бет.
7. Алаш жолы: Публицистикалық зерттеулер мен мақалалар. -Алматы: 2017. -240 б.
8. «Алаш» қозғалысы. Құраст: Е.Тілешов, Д. Қамзабекұлы, И. Нұрахмет. -Алматы: «Сардар» баспа үйі, 2008, - 324 бет.

## **XVI –XVII ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ**

**Асанбекова Г.С.**

«Ы.Алтынсарин атындағы №159 гимназия»

КММ-сінің тарих және құқық пәндерінің мұғалімі

Моғол жаугершілігінен кейін барлық қазақ рулары мен тайпалары Жетісуда алғаш рет бір мемлекетке біріктірілді. Қазақ хандығының XVI-XVII ғғ. шекарасы едәуір ұлғая түсті. Өз кезінде «Жерді біріктіру» үрдісін жедел жүзеге асырып, неғұрлым көзге түскен қазақ хандарының бірі – Жәнібек ханның ұлы Қасым болатын. Қасым ханның тұсында (1511-1523 жж.) феодал ақсүйектердің қарсылығы әлсіреп, әскери қуаты артты [4.б.119].